

"Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалар үшін салық салудың жеңілдетілген режимі туралы" нұсқауды бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі 1999 жылғы 21 мамырда N 535 бұйрық. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 4 маусымда тіркелді. Тіркеу N 794. Бұйрықтың күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2004 жылғы 30 желтоқсандағы N 471 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қосымшаға сәйкес кейбір нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын...

Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Қ а р ж ы м и н и с т р і н і ң

2004 ж ы л ғ ы 30 ж е л т о қ с а н д а ғ ы

N 471 бұйрығына қосымша

Күші ж о й ы л ғ а н к е й б і р н о р м а т и в т і к

құқықтық актілер тізбесі

6. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 21 мамырдағы N 535 бұйрығымен бекітілген кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалар үшін салық салудың оңайлатылған режимі туралы нұсқаулыққа 10 "Кірістер және шығыстар есебі Кітабы", 11 "Кірістер және шығыстар есебі Кітабын жүргізе отыра кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалар үшін кірістер және шығыстар есебі Кітабын толтыру бойынша Нұсқау" қосымшалары (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 794 болып тіркелген)...

Ескерту: Атауы жаңа редакцияда жазылды - ҚР Кіріс министрлігінің 2000 жылғы 25 сәуірдегі N 384 бұйрығымен .

Қазақстан Республикасының "Салықтар және бюджетке басқа да міндетті төлемдер туралы" 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Заңына және Қазақстан Республикасының "Жеке кәсіпкерлік туралы" 1997 жылғы 19 маусымдағы N 135-1 Заңына сәйкес осы Нұсқау әзірленген.

Нұсқау ойын бизнесі және шаруа (фермерлік) қожалығымен

айналысушылардан басқа заңды тұлға статусы бар кәсіпкерлік қызметімен айналысатын жеке тұлғалар үшін патенттердің Қазақстан Республикасы салық органдарымен беру тәртібі және салық салудың жеңілдетілген тәртібін белгілейді .

Ескерту: Кіріспе өзгертілді - ҚР Кіріс министрлігінің 2000 жылғы 25 сәуірдегі N 384 бұйрығымен .

1. Жалпы ережелер

1. Жеке тұлға Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінде қаралған тәртіп пен жағдайда жеке кәсіпкер деп саналады.

2. Патент - салық төлеушілердің кейбір категориялары үшін жеңілдетілген салық тәртібін белгілейтін құжат.

2. Салық салудың жеңілдетілген тәртібінің субъектілері

3. Жеке кәсіпкерлік субъектілері болып заңды тұлғаны құрмай кәсіпкерлік қызметімен айналысатын жеке тұлғалар саналады.

4. Акцизделетін өнімді шығарумен (оның ішінде және алыс-беріс негізінде), этил спиртінің сақтаумен және сатумен, алкоголь өнімін сақтаумен және көтерме сатумен айналысатын жеке кәсіпкерлер салық салудың оңайлатылған режиміне **к ө ш і р і л м е й д і .**

Ескерту: 4-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Кіріс министрлігінің 2000 жылғы 25 сәуірдегі N 384 бұйрығымен .

3. Жеке кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркеу

5. Міндетті мемлекеттік тіркеуге мына қағидалардың біріне жауап беретін жеке кәсіпкерлер жатады :

- тұрақты негіздегі жалдамалы қызметкерлердің еңбегін пайдаланады;
- Қазақстан Республикасы заң актілерінде жеке тұлғалар үшін белгіленген жиынтық жылдық кіріс мөлшері салық салынбайтын салықтан асқанда, салық заңдылығы мөлшерімен сәйкес есептелген кәсіпкерлік қызметтен жиынтық жылдық кірісі бар болса .

Осы тармақта аталған, жеке кәсіпкерлердің қызметі мемлекеттік тіркеусіз **т и ы м** **с а л ы н а д ы .**

6. Жеке кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркеу өздерінің көрінуіне қарай және заңды тұлғаның тұрғылықты жері бойынша аумақтық салық органында жеке кәсіпкер ретінде есепте тұруы саналады.

7. Жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу үшін жеке тұлға тұрғылықты жері бойынша аймақтық салық органына ұсынады:

- 1) белгіленген нысандағы өтініш (1-қосымша);
- 2) мемлекеттік тіркеу үшін жарна төленгені туралы құжат;
- 3) 3x4 см мөлшеріндегі фотосурет.

Басқа құжаттарды талап етуге тиым салынады.

8. Жеке кәсіпкерді (бұдан әрі - Куәлік) мемлекеттік тіркеу туралы куәлік өтініш өзге мерзімде қаралмаса мерзімсіз беріледі (2-қосымша).

9. Жеке кәсіпкерлерге (бұдан әрі - Кәсіпкер) Куәліктерді беру аумақтық салық органдарымен жүргізілуі тиіс.

Осы Нұсқаудың 7-тармағында аталған құжаттар бар болған жағдайда салық органдары құжаттарды ұсынған күні Кәсіпкердің мемлекеттік тіркеуін жүргізеді.

10. Куәлік қатаң есеп беру бланкісі болып табылады, оқшауланбайды, басқа тұлғаларға беруге тиым салынады. Куәліктің кез-келген көшірмесі олардың негізінде кәсіпкерлік қызмет жүргізуі мүмкін құжат болып саналмайды және Кәсіпкерден тез арада алып тастауға жатады.

11. Салық органдары берілетін Куәліктерді "Жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу (беру) туралы тіркеу журналының Куәлігін" есепке алуы тиіс (3-қосымша).

Журнал тігілген, нөмірленген, салық органының басшысы қол қойған және бедерлеме белгісімен буылған болуы тиіс.

Әрбір жеке кәсіпкерге жеке шоттар ашылады.

12. Кәсіпкердің Куәлікті жоғалтқан жағдайында, оған өтініші бойынша Куәліктің көшірмесі беріледі. Осы ретте кәсіпкер көшірме бланкісінің құнын төлейді.

13. Мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке өтініш берген мәліметтердің өзгерген жағдайында Кәсіпкер қайта тіркеу жүргізуге және жаңа куәлік алуға міндетті.

14. Кәсіпкерлік қызметті тоқтатқан жағдайда немесе Куәліктің (өтініште қаралған мерзімге сәйкес) қызмет мерзімі бітуінде, сондай-ақ басқа облысқа, қалаға немесе ауданға тұрғылықты жерге көшкен кезде Куәлік оны берген салық органына қайтып берілуге тиіс.

15. Кәсіпкерде Куәліктің бар болуы мына жағдайларда кәсіпкерлік қызметті жүргізуге құқық бермейді, егерде:

- лицензиясы (егерде кәсіпкерлік қызметтің осы түрі лицензиялауға жататын болса) немесе оның негізінде Кәсіпкер өз қызметін (Патент немесе кірістер мен шығыстар есебінің Кітабы) жүзеге асыратын құжаттардың біреуі жоқ болса;

- Патент пен лицензияның қызмет мерзімі өтіп кеткен болса.

4. Жеңілдетілген салық тәртібінің түрлері

16. Кәсіпкер мемлекеттік тіркеуден өту үшін өз еркімен салық заңдылығында белгіленген жеңілдетілген салық тәртібі түрлерінің бірін таңдап алады:

1) Патент (бұдан әрі - Патент негізінде жұмыс істейтін Кәсіпкерлер) негізіндегі тіркелген жиынтық салықпен;

2) Кірістер мен шығыстар (бұдан әрі - есеп жүргізу негізінде жұмыс істейтін Кәсіпкерлер) есебі Кітабын жүргізе отыра.

17. Патент негізінде тіркелген жиынтық салықты төлеуде жеңілдетілген салық тәртібі Кәсіпкермен мына қағидаларды орындаған кезде қызмет етеді:

- Қазақстан Республикасы аумағында жүзеге асырылатын Тізбеде көрсетілген жеке кәсіпкерлік қызмет түрлерін жүзеге асырады (бұдан әрі - Тізбе) (4-қосымша) ;

- жыл үшін орташа 20 000 айлық есептік көрсеткіштен аспай күтілетін айналыммен кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырады;

- саны 20 адамнан аспайтын жалдамалы қызметкерлерді пайдалана отыра кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырады.

Ескерту: 17-тармақ өзгертілді - ҚР Кіріс министрлігінің 2000 жылғы 25 сәуірдегі N 384 бұйрығымен .

18. Кәсіпкер мына қағидаларды орындағанда Шығыстар мен кірістер Кітабын жүргізе отыра жеңілдетілген салық тәртібі қызмет атқарады:

- орташа жылдық 50 адамнан аспайтын қызметкерлер саны және активтердің жалпы бағасы бір жыл үшін 60000 - айлық есептік көрсеткіштен аспайтын болса.

6. Патент негізіндегі тіркелген жиынтық салықпен жеңілдетілген салық тәртібі

19. Патент (5-қосымша) негізінде жұмыс істейтін кәсіпкерлер Патентті бір айдан бір календарлық жылға дейін дейінгі мерзімге алуға құқықтары бар. Патент нысанын Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі белгілейді және Қазақстан Республикасы аумағында жұмыс істейді.

20. Патентті алу үшін Кәсіпкерге тұрғылықты жері бойынша аумақтық салық органына ұсыну қажет:

1) белгіленген нысандағы өтініш (6-қосымша);

2) 3x4 см мөлшеріндегі фотосурет;

3) тіркелген жиынтық салықтың төленгенін және Патент бланкісінің бағасын растайтын құжаттар;

4) асырауында адам барлығы туралы анықтама;

5) қызметкерлерді жалдау туралы келісім-шарттар (жеке куәліктің мәліметтерін, мекен-жай, жалдау мерзімі, еңбек ақы мөлшері, жұмыс берушінің еңбек жағдайы мен әлеуметтік кепілдік беруді қамтамасыз ету міндеттемелерін қоса көрсете отыра);

6) мемлекеттік тіркеу туралы куәлік;

7) лицензия көшірмесі (лицензиялық қызмет түрін жүргізген жағдайда);

8) есеп шоты барлығы туралы мәліметтер.

Осы тармақтың қағидаларын орындағанда, келіспеушілік туындаған жағдайлардан басқа бір күннің ішінде Кәсіпкерге Салық органы Патент беруге міндетті.

21. Қазақстан Республикасы Президентінің "Лицензиялау туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2200 Заң күші бар Жарлығына сәйкес Кәсіпкер айналысуы мүмкін қызмет ету жағдайында лицензияланады, ал осы Жарлықтың 7бабының 1-тармағына сәйкес осындай қызмет түрін жүргізуге құқық беруге Патент беру ол лицензия алғаннан кейін жүзеге асырылады.

Лицензия аталған Жарлықта қаралған тәртіпте беріледі.

Қызмет етудің лицензияланған түрі бойынша Патент лицензия қызмет етуінің мерзімінен аспайтын мерзімге беріледі.

Шетелде банкалық шот ашуға лицензия алу кезінде лицензиат тіркелу орны бойынша салық органын хабардар етуге міндетті.

22. "Патент беруді тіркеу журналындағы" берілетін Патенттерді салық органдары есепке алуға міндетті (7-қосымша). Журнал тігілген, нөмірленген, салық органының басшысы қол қойған және бедерлеме белгісімен буылған б о л у ы т и і с .

23. Қызмет түрін өзгерткен жағдайда Кәсіпкер бұрын алынған мемлекеттік тіркеу туралы Куәлікті көрсетіп, салық органынан жаңа Патент алады.

24. Патент оқшауланбайды, басқа тұлғаларға беруге тыйым салынады. Патент жоғалған жағдайда, Кәсіпкердің өтініші бойынша көшірмесі беріледі. Осы ретте кәсіпкер көшірме бланкісінің құнын төлейді.

25. Тізбеде көрсетілген қызметті жүзеге асыратын кәсіпкерлер тұрақты жиынтық салықты төлеп, босатылады:
- е с е п жү р г і з у д е н ;

- Декларация тапсырудан патент құнына енгізілген салықтардың түрлері б о й ы н ш а .

Ескерту: 25-тармақ толықтырылды - ҚР Кіріс министрлігінің 2000 жылғы 25 сәуірдегі N 384 бұйрығымен .

26. Сатып алушы-тұтынушы мүдделері мен құқықтарын қорғау мақсатында сатушы, олардың талап етуі бойынша қолдарына сатылған тауарға тауарлық чек б е р у г е м і н д е т т і .

Акцизделетін өнімді сататын (темекі өнімдерінен басқа), сондай-ақ Астана, Алматы қалаларында және 100 000 мыңнан астам халқы бар облыстық маңыздағы қалаларда тұрақты үй-жайлардағы бөлшек сауданы іске асыратын кәсіпкерлер қолма-қол ақшалармен жұмыс кезінде фискалдық жадуалы бар бақылау-кассалық аппараттары және сатып алушы-тұтынушыға бақылау чегін бере отырып фискалдық карталарды пайдаланумен компьютерлік жүйелер арқылы операциялар жүргізуге міндетті.

Ескерту: 26-тармақ толықтырылды - ҚР Кіріс министрлігінің 2000 жылғы 25 сәуірдегі N 384 бұйрығымен .

27. Патенттің бағасы болып өзіне ҚҚС-ты, әлеуметтік салық, зейнетақы

жинақтау қорларына ақша аудару, кәсіпкерлік қызметпен айналысатын заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы, төлем көздерінен ұсталатын табыс салығы және 8-қосымшада (кәсіпкерлік қызметпен айналысуға Патент бағасын анықтау бойынша Нұсқау - 9-қосымша) көрсетілген нысан бойынша есептесуді қоса алғанда тіркелген жиынтық салық саналады. Тіркелген жиынтық салықтан басқа Кәсіпкер Декларацияны, салық заңдылығына сәйкес жалпы белгіленген тәртіпте есеп беруді дербес ұсынады және көлік құралдарына салынатын салықты, мүлік салығын, жер салығын бензин (авиациялықтан басқа) және дизельдік отынға акциз" ЖЖМ сату бойынша қызметін жүзеге асырған жағдайда)төлеуді жүргізеді .

Ескерту: 27-тармақ толықтырылды - ҚР Кіріс министрлігінің 2000 жылғы 25 сәуірдегі N 384 бұйрығымен .

28. Облыстар және Астана, Алматы қалалары бойынша салық комитеттері зерттеулер, тексерулер, хронометраж нәтижелерін және салық органының басқа мәліметтерін бөлек пайдаланумен жеке кәсіпкерлік қызметтің әрбір түріне Патент құнын мөлшерлерін айқындайды және бекітеді. Патент құнын айқындау кезінде орналасқан жері, қызметті жүзеге асырудың түрі мен шарты, орналасқан үй-жайдың сапасы және көлемі, қолданылатын жабдықтың өнімділігі, қызмет көрсетілетін орындардың саны және жеке кәсіпкердің қызметінің тиімділігіне әсер ететін басқа факторлар .

Ескерту: 28-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Кіріс министрлігінің 2000 жылғы 25 сәуірдегі N 384 бұйрығымен .

29. Бекітілген Патент құны мөлшерлерімен келіспеген жағдайда, Кәсіпкердің көзінше салық органы қызметкері жүргізетін зерттеу және хронометраж нәтижелері негізінде Патенттің бағасын есептеуге талап етуге Кәсіпкердің құқы б а р .

Ескерту: 29-тармақ өзгертілді - ҚР Кіріс министрлігінің 2000 жылғы 25 сәуірдегі N 384 бұйрығымен .

30. Патент бойынша жұмыс істейтін Кәсіпкерлер Патентте көрсетілген мөлшер мен сомаларда көрсетілген ҚҚС төлеушілер болып табылады және күтілетін кірістен және Патенттің бағасын айқындау кезінде қабылданған есептелген сома шамаларында шот-фактураларын жазып беруге тиіс.

Ескерту: 30-тармақ өзгертілді - ҚР Кіріс министрлігінің 2000 жылғы 25 сәуірдегі N 384 бұйрығымен .

31. *Тармақтар алынып тасталынды - ҚР Кіріс министрлігінің 2000 жылғы 25 сәуірдегі N 384 бұйрығымен .*

32. *Тармақтар алынып тасталынды - ҚР Кіріс министрлігінің 2000 жылғы 25 сәуірдегі N 384 бұйрығымен .*

33. *Тармақтар алынып тасталынды - ҚР Кіріс министрлігінің 2000 жылғы 25 сәуірдегі N 384 бұйрығымен .*

34. Күтілетін жиынтық жылдық кіріс сомасы өскенде, Патенттің қызмет кезеңі өзгерген жағдайда салық төлеуші Патент бағасын қайта есептеу үшін салық органына жүгінуі тиіс, мұның өзінде бұрын төленген сома есепке алынады.

35. Патенттің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін кәсіпкерлік қызметін тоқтатқан кезде, қызметті іске асыру шарттарын тоқтата тұрған немесе өзгерткен кезде енгізілген кесімді салық сомасы қайтаруға және қайта есептеуге жатпайды.

Ескерту: 35-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Кіріс министрлігінің 2000 жылғы 25 сәуірдегі N 384 бұйрығымен .

36. Патентті сатып алған кәсіпкер кәсіпкерлік қызметін тұрғылықты жері бойынша да, Қазақстан Республикасының басқа қалалары және аудандарында да жүргізеді .

37. Осы Нұсқаудың 17-тармағында Кәсіпкер үшін белгіленген айналым сомасынан асқан жағдайда, Кәсіпкер тіркелген жиынтық салықтағы жеңілдетілген салық тәртібінен кірістер мен шығыстар есебі Кітабымен жеңілдетілген салық тәртібіне көшуге міндетті.

7. Кірістер мен шығыстар есебі Кітабын жүргізе отыра салық тәртібі

38. Осы Нұсқаудың 18-тармағындағы шарттарды сақтай отыра жұмыс істеуге тілек білдірген Кәсіпкерлер Куәлік алғаннан кейін салық органына кірістер мен шығыстар Кітабын (бұдан әрі - Есеп Кітабы) ұсынады, онда міндетті түрде бірінші бетінде салық төлеушінің атауы, кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты, СТТН, Куәліктің тіркеу нөмірі және берілген күні, Куәліктің нөмірі мен сериясы, екінші дәрежелі банктерде ашылған банк шоттарының нөмірлері көрсетіледі. Есеп Кітабы нөмірленген, тігілген, салық органының басшысы қол қойған және бедерлеме белгісімен буылған болуы тиіс.

39. Есеп жүргізу негізінде жұмыс істейтін кәсіпкерлер салықтарды, алымдар және бюджетке басқа да міндетті төлемдерді төлеушілер болып табылады және олардың салық салу тәртібі салық заңдылығына сәйкес жүргізіледі (яғни Декларацияны ұсынады, аванстық төлемдерді және басқа да төлемдерді төлейді). Есепке алу қосарлана жазу тәсілін қолданбай және бухгалтерлік есеп бойынша көрсетіліп, оның толтырылуы (11-қосымша) бойынша Нұсқаулыққа сәйкес Есеп Кітабы негізінде жеңілдетілген тәртіп бойынша жүргізіледі. Есеп жүргізу негізінде жұмыс істейтін кәсіпкерлер бақылау чегін сатып алушы-тұтынушыға міндетті түрде бере отыра фискалды жадуалы бар бақылау-кассалық аппараттары арқылы операциялар жүргізеді.

39-1. Есеп жүргізу негізінде жұмыс істейтін кәсіпкерлер әрбір қызметкер үшін айлық есептік көрсеткіштің 60 проценті, сондай-ақ Заңға сәйкес шегерімге

жатпайтын шығыстардан басқа оны алумен байланысты шығыстардың минусымен қосымша айлық кірістің 10 проценті мөлшерінде әлеуметтік салықты төлейді.

Ескерту: 39-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Кіріс министрлігінің 2000 жылғы 25 сәуірдегі N 384 бұйрығымен.

8. Жеңілдетілген салық салу тәртібін қолданатын кәсіпкерлердің жауапкершілігі

40. Салық салудың жеңілдетілген тәртібін қолданушы Кәсіпкерлердің жауапкершілігі Заңмен және "Әкімшілік құқық бұзушылықтары туралы" Қазақ ССР Кодексіне сәйкес басталады.

Ескерту: 40-тармақ өзгертілді - ҚР Кіріс министрлігінің 2000 жылғы 25 сәуірдегі N 384 бұйрығымен.

41. Патент бағасының есебі үшін ұсынылған салық салу базасының мөлшері төте тексеріс фактілері нәтижелері бойынша төмендетілгені айқындалған кезде салық төлеушіге қолданылып жүрген заңдылықтарға сәйкес санкциялар қолданылады.

Осы Нұсқаудың 17-тармағының қағидаларының біріне оның қызметі сәйкес келмеген кезде Патент бойынша жұмыс істейтін кәсіпкер өз уақытында осы туралы салық органын хабардар етуі керек. Осы талаптарды сақтамау қолданылып жүрген заңдылықты бұзу болып саналады және жауапкершілікті жүктейді.

42. Төлем көздерінен ұстап қалынатын табыс салығын бюджетке ұстап қалу мен аудару үшін жауапкершілік, сондай-ақ жалдамалы қызметкерлерге зейнеткерлік жинақтау қорларына қаржы аударудың уақтылығы мен толықтығы үшін кіріс төлеген Кәсіпкер (жұмыс беруші) жауап береді.

43. Салық органдарына осы салық органында тіркелген Кәсіпкерлердің қызметтерін ғана емес, сондай-ақ республиканың басқа салық органдарында алынған Патент және есеп жүргізу бойынша осы аумақта өз қызметтерін жүзеге асыратын Кәсіпкерлер үшін бақылау жүргізу міндет болып саналады. Мұндай жағдайда тексеру материалдары аталған құжаттарды берген орны бойынша салық органдарына хабарланады.

9-тарау. Бір жолғы талондар негізінде бюджетпен дүркін-дүркін сипаты бар кәсіпкерлік қызметіндегі жеке тұлғалардың есебі

44. Кәсіпкерлік қызметінде дүркін-дүркін сипаты бар жеке тұлғалар (резидент еместерді қоса) салық органдарында мемлекеттік тіркеусіз Бір жолғы талондар негізіндегі қызмет түрлерінің тізбесіне сәйкес (12 қосымша) кәсіпкерлік қызметін іске асыра алады.

45. Кәсіпкерлік қызметінің түрлері бойынша бір жолғы талон құнын облыстар

және Астана, Алматы қалалары бойынша салық комитеттері белгілейді. 12 қосымшаның 9-тармағымен көзделген қызмет түрі бойынша бір жолғы талондардың құны тасымалдау (қала ішінде, аудандық, қалааралық) түріне б а й л а н ы с т ы б е к і т і л е д і .

Ескерту: 45-тармақ толықтырылды - ҚР Кіріс министрлігінің 2001 жылғы 10 тамыздағы N 1147 бұйрығымен .

46. Бір жолғы талондар әрбір күнге беріледі. Төлемшінің тілегі бойынша бір жолғы талондар ұзақ, бірақ бір айдан астам емес мерзімге берілуі мүмкін. Мұның өзінде, алымды төлеу талонды беру күндеріне барабар жүргізіледі.

47. Бір жолғы талон оқшауланбайды, басқа тұлғаларға беруге тыйым с а л ы н а д ы .

48. Бір жолғы талон қатаң есеп беру бланкасы болып табылады (13 қосымша).

Ескерту: 9-тараумен толықтырылды - ҚР Кіріс министрлігінің 2000 жылғы 25 сәуірдегі N 384 бұйрығымен .

N

Н ұ с қ а у ғ а

1 Қосымша

бойынша Салық комитетінің
Б а с ш ы с ы н а
"-----"
(салық төлеушінің атауы)

(а т ы - ж ө н і)

СТТН

(тұрғылықты жер адресі)

Жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы

Куәлік алуға

Өтініш

Жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы _____
мерзімге Куәлік беруді өтінемін.

Тұлғаны куәліктендіретін құжат: сериясы _____ N _____

(кім және қашан берілген)

берілген

(т ұ р ғ а н ж е р і)

Орналасқан жері _____

(егерде болса, кәсіпорынның мекен-жайы)

Маған менің міндеттерім мен құқықтарым түсіндірілді.

_____ ж " _____ "

(өтініш берген күні)

_____ (кәсіпкердің қолы)

_____ ж " _____ "

(өтініштің қабылданған күні) (аты-жөні, қолы)

N

Н ұ с қ а у ғ а

2-қосымша

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Мемлекеттік кіріс министрлігі

Қазақстан

Республикасының

_____ бойынша Салық комитеті елтаңбасы

Жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы

Куәлік

Серия N

Салық төлеушінің атауы " _____ "

Салық төлеушінің атауы _____

Фотосурет Тегі _____

Аты _____

орын Әкесінің аты _____

СТТН _____

Келесі жақ беті

Жеке басты куәландырылатын құжат _____

Мекен-жайы _____

Тіркейтін органның тіркеу нөмірі _____

Тіркелген күні _____

С а л ы қ о р г а н ы н ы ң б а с ш ы с ы :

10	11	12	13	14	15	16	17	

N

Н ұ с қ а у ғ а

4-қосымша

Ескерту: 4-қосымша толықтырылды және өзгертілді - ҚР Кіріс министрлігінің 2000 жылғы 25 сәуірдегі N 384 бұйрығымен .

Патент негізінде Қазақстан Республикасы аумағында жеке кәсіпкерлік қызметі түрлерін жүргізетін Тізбе

I. Тұтыну тауарларын өндіру және сату

1. Киім-кешек пен басқа тігін бұйымдарын тігу және сату.
2. Тоқыма бұйымдарын дайындау және сату.
3. Мехтан жасалған бұйымдарды тігу және сату.
4. Табиғи мехтан жасалған бас киімдерді тігу және сату.
5. Трикотаж бұйымдарын дайындау және сату.
6. Аяқ киімді дайындау және сату.
7. Галантериялық бұйымдар мен бижутерияны дайындау және сату.
8. Жасанды гүлдер мен гүлтәждарды дайындау және сату.
9. Мебель мен басқа да ағаш бұйымдарын дайындау және сату.
10. Кілем бұйымдарын дайындау және сату.
11. Металлдан жасалған бұйымдарды дайындау және орнату.
12. Қаңылтырдан жасалған бұйымдарды дайындау және орнату.
13. Тірі гүлдерді, көшеттер мен тұқымдарды өсіру және сату.
14. Үй жануарларының терісі мен жүнін әзірлеу және сату.
15. Мал шаруашылығы өнімін әзірлеу және сату.
16. Автомобиль үшін қаптамалар мен резеңкелік төсеніштерді дайындау және сату.
17. Ойыншықтар мен сувенирлерді дайындау және сату.
18. Шаруашылық заттарын дайындау және сату.
19. Омарта шаруашылығы өнімдерін өсіру және сату.
20. Азық-түлік тауарларын өндіру және сату.
21. Зираттық ескерткіш тақталар мен қоршау дайындау және сату.
22. Тері өңдеу.

II. Тұрмыстық қызмет көрсету саласындағы заңды тұлғалар қызметі

1. Металл бұйымдары, зонттар, тұрмыстық машиналар мен приборларды ж ө н д е у .
2. Сағаттарды жөндеу және граверлік жұмыстар.
3. Зергерлік бұйымдарын дайындау және жөндеу.
4. Аяқ киімді, бас киімдерді, мех, тері, тігін және галантериялық бұйымдарды ж ө н д е у .
5. Аяқ киімді тазарту.
6. Фотоға түсіру, бейне таспаға түсіру және басқа фотожұмыстар.
7. Радиотеледидарлық аппараттарды, компьютерлер мен перифериялық ж а б д ы қ т а р д ы ж ө н д е у .
8. Кесетін құрал-саймандарды жөндеу және қайрау.
9. Құлыптарды жөндеу және кілттерді дайындау.
10. Автомобильдерді жөндеу және техникалық қызмет көрсету.
11. Шина жөндеу жұмыстары (автошиналарды вулканизациялау).
12. Жеке және арендаға алынған тракторлар иелеріне жер учаскелерін өңдеу б о й ы н ш а қ ы з м е т к ө р с е т у .
13. Жеке сектордағы малды бағу.
14. Шаштараздық, сондай-ақ массаждық және косметикалық қызмет к ө р с е т у л е р .
15. Косметикалық фирмалар өнімдерін сату.
16. Автомобиль көлігімен жолаушылар мен жүктер, паромдық тасуды қоса, су көлігімен ж о л а у ш ы л а р д ы т а с у .
17. Автокөлік құралдарын жуу.
18. Салтанаттар мен ғұрыптарға музыкалық қызмет ету, тамадалық қызмет к ө р с е т у л е р .
19. Мәтіндерді аудару.
20. Машинамен жазылған жұмыстар.
21. Құжаттардың ксерокөшірмелерін алу.
22. Музыкалық аспаптарды жөндеу және құлағын келтіру.
23. Портреттер мен картиналарды салу.
24. Көшіру-көбейту техникаларын жөндеу және қызмет ету.
25. Дыбыс жазбасы.
26. Электродвигательдерді жөндеу және орау.
27. Бейне-аудио кассеталарды жалға беру және сату.
28. Аэрошаналарды, картингтерді, мотоблоктар мен катамарандарды жалға б е р у .
29. Құрал-жабдықтарды, автокөлік құралдарын, тұрмыс заттарын, киім-кешектерді және күрделі-тұрмыстық техниканы жалға беру.
30. Күтуші, үй қызметкерлері қызметтері, пәтер және қызметтік үй-жайларды

ж и н а у .

31. Бұйымдарды жуу, үтіктеу, химиялық тазартулар қызметі.
32. Пәтерлік, қызметтік және өндірістік үй-жайларды жөндеу.
33. Электромонтаждық, құрылыс-монтаждық, сантехникалық, дәнекерлік-сантехникалық қызметтер көрсету.
34. Мебельді құрау және жөндеу.
35. Кітаптарды жалға беру.
36. Көркемдік-безендіру жұмыстары.
37. Ритуальдық қызмет көрсетулер.
38. Бейнефильмдерді көрсету бойынша қызмет көрсету.
39. Лудильдік жұмыстар.
40. Заттар мен халық тұтынатын тауарларды буып-түю бойынша қызмет көрсетулер.
41. Ішкі электрожелілерін жөндеу және қызмет көрсетулер.
42. Ағаш бұйымдарын дайындау және жөндеу.
43. Өртке қарсы және күзеттік сигнализацияны орнату және қызмет көрсету.
44. Есептеуіштер мен есептеу приборларын орнату және қызмет көрсету.
45. Кір жуу қызмет көрсетулері.
46. Шағын метражды кемелік двигательдерді жөндеу (аспалы моторларды).
47. Аккумуляторларды жөндеу.
48. Моншалық қызмет көрсетулер, сауналар (оларға жеке Патенттер беру қарастырылған массаждық, шаштараздық, косметикалық, бильярдтық және тренажерлік залдардан және т.б. қызмет түрлерінен басқа)
49. Ваннаны жөндеу бойынша қызмет көрсету.
50. Есік алды және жеке меншік учаскелерді көгалдандыру.

III. Заңды тұлғалардың әлеуметтік-мәдени салалардағы қызметі

1. Репититорлық тәртіпте сабақтар өткізу.
2. Дене шынықтыру-сауықтыру қызметтері (шейпинг, аэробика, спорт секциялары, денсаулық пен массаж топтары).
3. Жаттықтырушылық қызметтері.
4. Су көлігінде ойын-сауық қызметтерін көрсету.
5. Ойын-сауық бағдарламаларын ұйымдастыру (оның ішінде эстрада, кино мен театр жұлдыздарының концерттерін ұйымдастыру және өткізу).
6. Пішуге, тігуге және тоқуға үйрету.
7. Кинологиялық жұмыстар.
8. Ойын автоматтары мен компьютерлік ойындар салоны (ақшасыз ұтыспен).

9. Күзеттік қызмет көрсетулері.

10. Тілдерге үйрету.

11. Бильярдтық клубтар

IV. Қызмет көрсетудің басқа түрлері

1. Қоғамдық тамақтандыру.

2. Балмұздақ, салқындатылған сусындар мен шырындарды сату.

3. Шайналатын табакты (насыбай) дайындау және сату.

4. Әнші құстарды және басқа қанатты құстарды өсіру және сату.

5. Балықтарды, бауырымен жорғалаушыларды, қос мекенділерді өсіру және сату.

6. Құжаттарды орап-өңдеу, картондық-түптеу жұмыстары.

7. Газеттер, журналдар мен кітаптарды сату.

8. Үй жануарларын өсіру және сату.

9. Халықтық тұтытудағы тауарлармен, азық-түлік тамақтары, дәрілік құралдар мен медициналық мақсаттағы бұйымдармен бөлшек сауда жасау.

10. Жалға пәтер, қызмет үй-жайларын, қойма жайларын, гараждарды тапсыру.

11. Автотұрақтар.

12. Автоаялдамалар.

13. ЖЖМ стационарлық АМБ-нен сату.

14. ЖЖМ жылжымалы АМБ-нен сату.

15. Шыны кесу жөнінде қызмет көрсету.

16. Сақтау қоймалары.

17. Жүк тасушы қызмет көрсетулері.

18. Ақылы әжетханалар.

19. Маклерлік қызмет көрсетулер.

20. Ақылы телефондар.

21. Репетиторлық қызмет көрсету.

23. Бухгалтерлік есеп беру мен ревизиялар жасау бойынша қызмет көрсетулер.

24. Техникалық құралдардың компьютерлік комплекстері және бағдарламалық қамтамасыз етуі бойынша кеңес беру.

25. Маркетингтік қызмет көрсету.

26. Риэлторлық қызмет.

27. Туризм мен экскурсия саласындағы қызмет.

28. Шағын қонақ үйлер, мотельдер, кемпингтер қызметі.

29. Ауыз сулық, техникалық суларды жеткізу, сату.

30. Медициналық қызмет.

31. Ветеринарлық қызмет көрсету.

32. Жарнамалық қызмет көрсетулер.

33. Ыдыстарды сату.

34. Полиграфиялық қызмет көрсетулер.

35. Автомашиналарды айдап әкелу бойынша қызмет көрсетулер.

36. Құрама жемдерді сату.

37. Астрожорамал, болжау және т.б. құрау бойынша қызмет көрсетулер.

38. Балық аулау және сату.

39. Әнші құстарды өсіру және сату.

39. Мәрмерден жасалған бұйымдарды жасау.

Ескерту. Сатылатын тауарлар бойынша сапа мен оның шыққандығын дәлелдейтін сертификаттардың бәріне құжаттар болуы тиіс.

№ _____ Н ұ с қ а у ғ а

5-қосымша

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Мемлекеттік кіріс министрлігі

_____ Қазақстан

_____ Республикасының

_____ бойынша Салық комитеті елтаңбасы

П А Т Е Н Т

Серия АА N

Кәсіпкерлік қызметті жүргізуге берілген

Салық төлеушінің атауы _____

Тегі _____

Аты _____

Әкесінің аты _____

Мекен-жайы _____

Жеке басын куәландыратын құжат _____

СТТН _____

_____ ден

_____ бойынша қызмет
ету мерзімі

Фотосурет
орны

Салық органының басшысы:

_____ а т ы - ж ө н і

М.О. _____ қолы

Берілген күні _____

№

Н ұ с қ а у ғ а

б-қосымша

бойынша Салық комитетінің

Б а с ш ы с ы н а

"

(салық төлеушінің атауы)

(а т ы - ж ө н і)

СТТН

(тұрғылықты жер мекен-жайы)

П а т е н т

а л у ғ а

Өтініш

1999 ж "___" _____ 1999 ж "___" _____ дейінгі мерзімге _____
теңгеде күтілетін жиынтық жылдық кірістегі

(қ ы з м е т тү р і)

жүргізуге Патент беруді өтінемін

Жеке басты куәліктендіретін құжат: сериясы _____ N _____

(кім және қашан берілген)

_____ берілген

Қызметті жүргізетін орны _____

(тұрақты орналасқан жеріндегі мекен-жайы)

Ұсынылатын салықтық шот-фактуралардың саны _____

Жалдамалы қызметкерлердің саны _____

оның ішінде зейнеткерлер _____

Асырауындағы адамдар саны* _____

Жеңілдіктері барлығын куәландыратын құжат: серия _____

N _____ берілген _____

(кім және қашан)

_____ ж "___" _____.

(өтініш берген күні)

(кәсіпкердің қолы)

_____ ж " _____ " _____.

(өтініштің қабылданған күні) (салық инспекторының қолы, аты-жөні)

* Асырауындағы адамдар саны асырауында адамдар барлығы туралы
анықтамамен р а с т а л а д ы .

Маған құқықтарым мен міндеттерім түсіндірілді және осы өтініште келтірілген мәліметтердің шындығы мен толықтығына заң алдында жауап беремін.

N

Н ұ с қ а у ғ а

7-қосымша

Патентті тіркеу (беру) журналы

Патенттің тіркеу N	Аты-жөні	Салық төлеушінің атауы	Өтініш берген күні
1	2	3	4

-----	-----	-----	-----
-----	-----	-----	-----

т а б л и ц а н ы ң

ж а л ғ а с ы

ТТН	Тұрғылықты жері мекен-жайы	Қызметті түрі	Патенттің қызмет ету мерзімі
5	6	7	8

-----	-----	-----	-----
-----	-----	-----	-----

Патенттің бағасы (теңге)	Қолы қойылған шот-фактуралардың саны	Күтілетін кірістен есептелген ҚҚС сомасы
-----	-----	-----

-----	-----	-----
-----	-----	-----

9	10	11
---	----	----

П а т е н т		Е с к е р т у л е р			
N сериялы	Берілген күні	Алынғаны туралы қолы	Патентті тапсырған күні	Патентті тапсырғаны туралы	
		кәс-ң қолы			
12	13	14	15	16	17

N _____ Н ұ с қ а у ғ а
 8-қосымша
 СТТН _____
 (салық төлеушінің СТТН-ы) _____ (ауданы, қаласы бойынша)
 _____ бойынша салық комитеті
 (а т ы - ж ө н і)

(салық төлеушінің мекен-жайы, телефоны)

Кәсіпкерлік қызмет жүргізуге Патенттің құнын анықтау есебі
 жылға _____
 (қ ы з м е т _____ т ү р і)

жалдамалы қызметкерлер _____ адам
 оның ішінде зейнеткерлер _____ адам
 асырауындағылар саны _____ адам

Р/н		Теңгедегі
		с о м а
1.	Кәсіпкердің жиынтық жылдық кірісі (ҚҚС-ты қоса)	
1.1.	оның ішінде ҚҚС	
2.	ҚҚС-тан алынатын кірістермен байланысты шығыстар	
	- жалпы (2а бет + 2б бет)	
2.1.	оның ішінде ҚҚС (2а1 бет)	

2а	ҚҚС-қа салынбайтын кіріс алумен байланысты шығыстар	
2а1	оның ішінде ҚҚС	
2б	ҚҚС-қа салынбайтын кіріс алумен байланысты шығыстар	
3.	Төленуге тиісті ҚҚС сомасы (1.1 бет - 2.1 бет)	
4.	Салық жылына әрбір жалдамалы қызметкер үшін айлық есептік көрсеткіштің 49% мөлшеріндегі әлеуметтік с а л ы қ	
5.	Оның әлеуметтік салығы айқындалғанға дейінгі Кәсіпкердің салық салынатын кірісі (1б.-2б.-3б.-4б)	
6.	Оның салық салынатын кірісінен Кәсіпкердің әлеуметтік салығы (5 бет x 5%)	
7.	Өзіне және жалдамалы қызметкерлері үшін жинақтау зейнетақы қорларына міндетті жарналар	
8.	Салық төлеушіге ұсынылатын шегерімдер	
9.	Табыс салығын есептеу үшін қабылданатын кәсіпкердің салық салынатын кірісі (5б - 6б - 7б - 8б)	
10.	Табыс салығының сомасы	
11.	Төлем көздерінен ұсталатын табыс салығының сомасы	
12.	Тіркелген жиынтық салық сомасы (3б + 4б + 6б + 7б + 10б + 11б)	
13.	Тіркелген жиынтық салықтың айлық сомасы(12бет :12ай)	
14.	Патент құны (13 бет x бет)	

Кәсіпкер _____

(а т ы - ж ө н і)

(қ о л ы)

Есептеуді салық инспекторы жүргізеді _____
(а т ы - ж ө н і) (қ о л ы)

Салық органының басшысы _____
(а т ы - ж ө н і) (қ о л ы)

N

— — — —

Н ұ с қ а у ғ а

9-Қосымша

Ескерту: 9-қосымша толықтырылды және өзгертілді - ҚР Кіріс министрлігінің 2000 жылғы 25 сәуірдегі N 384 бұйрығымен .

**Кәсіпкерлік қызметті жүргізуге Патент құнын
а ны қ т а у б о й ы н ш а**

Нұсқау

1. 1 жолда қосылған құн салығын (ҚҚС) ескере отыра кәсіпкерлік қызметтегі сатылған тауарлардан, қызмет көрсетулерден, атқарылған жұмыстар мен басқа кірістерден алынуға күтілетін жиынтық жылдық кіріс мөлшері көрсетіледі.

2. 1.1. жолы бойынша сатылған тауардан (жұмыстардан, қызмет көрсетулерден) күтілетін есептелген ҚҚС сомасы көрсетіледі.

3. 2 жол бойынша жиынтық жылдық кіріске проценттік қатынастағы шығындар көрсетіледі .

4. 2.1. жолы бойынша алынған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) үшін төленуге тиісті ҚҚС сомасы көрсетіледі.

5. 2б жолы бойынша салық салынбайтын ҚҚС-тан (еңбекақы және басқалары) кіріс алумен байланысты шығыстар көрсетіледі.

6. 4 жол бойынша әрбір қызметкер үшін айлық есептік көрсеткіштен (бұдан әрі - АЕК) 49% мөлшерінде Заңға сәйкес есептелген әлеуметтік салық сомасы есептеледі. Еңбек қызметіне рұқсат бойынша Қазақстан Республикасына уақытша келген шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалардың еңбекақы төлеу бөлшегіндегі әлеуметтік салық әрбір шетел маманы үшін - 5 АЕК, әрбір шетел жұмысшысы үшін - 10 АЕК мөлшерінде есептеледі.

7. 6 жол бойынша Патент құнын айқындау кезінде көрсетілген, күтілетін салық салынатын кірістің 5 проценті мөлшерінде есептелген әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі .

8. 7 жолда өзі мен жалдамалы қызметкерлері үшін зейнетақы жинақтау қорларына міндетті зейнетақы жарналары көрсетіледі.

"Зейнетақы жинақтау қорларына міндетті зейнетақы жарналарын ұстап қалу мен аудару Ережелерін бекіту туралы" 1999 жылғы 15 наурыздағы N 245 ҚР Үкіметінің Қаулысына сәйкес міндетті зейнетақы қорларына Патент сатып алған Кәсіпкерлермен күтілетін салық салынатын кірістен өзі үшін 10% мөлшерінде ұстап қалынады және аударылады, одан Патент мөлшері айқындалады және жалдамалы қызметкерлер үшін Шартта көрсетілген мөлшерінен заңдық

актілермен белгіленген ең төменгі еңбекақы мөлшерінен кем болмауы тиіс. (Мысалы: 1999 жылға заңмен Қазақстан Республикасының "1999 жылға Республикалық бюджеті туралы ең төменгі айлық еңбекақының мынадай мөлшерлері белгіленген:

1999 жылдың 1 қаңтарынан бастап - 2440 теңге;
1999 жылдың 1 сәуірінен бастап - 2650 теңге;
1999 жылдың 1 қарашасынан бастап - 2680 теңге;
1999 жылға жылдық ең аз еңбекақы 10% құрайды).

9. 8 жолда Кәсіпкерге ұсынылатын шегерімдер көрсетіледі. Қолданылып жүрген заңдарға сәйкес заңды тұлға салық жылында салық төлеушіге және оның асырауында тұратын жанұяның әрбір мүшесіне бір айдағы, онда алынған бір есептік көрсеткіш мөлшерінде шегерімге құқығы бар.

Асырауындағы адамдарға жеңілдіктерді ұсынған кезде орташа жұмыс істейтіннің қаржысына бірге тұратын асырауындағы адамдар санына және жеке кіріс көздері жоқ немесе бір айда бір АЕК-нен аспайтын жанұя мүшесінің кіріс сомасын есепке алу қажет.

Жиынтық жылдық кірістен шегерімге құқық беру кезінде асырауындағы адамдар санына стипендиялар мен зейнетақы алушы тұлғалар, мемлекет қамқорлығындағы басқа да тұлғалар есепке кіргізілмейді. Мәселен, асырауындағы адамдар деп олар үшін ата-аналарынан ақы алынбайтын кәсіптік-техникалық училищенің оқушылары, арнайы мектептер оқушылары және мектеп-интернаттағы балалар, сондай-ақ мемлекеттік толық қамқорлықтағы мектеп жанындағы интернаттардағы оқушылар; әскери қызметтегі әскер қызметкерлер, оның ішінде әскери-құрылыс отрядтарындағы әскери қызметін өтіп жатқандар.

10. 10 жол бойынша Заңның 29-бабына сәйкес есептелген 34-баптың 4-тармағында қарастырылған жеңілдіктері бар тұлғаларды есепке ала отыра табыс салығының сомасы көрсетіледі.

11. 11 жолда қызметкер жалдау туралы Шартта көрсетілген, салық заңдылығында қарастырылған өзіне және асырауындағы (тиісті анықтама бар болса) адамдарға шегерімдерді ескере отыра төлем көздерінен ұсталатын және жалдамалы қызметкерлер еңбекақы сомасын басшылыққа алып табыс салығының сомасы көрсетіледі.

12. 14 жолда Патенттің қызмет ету санына тіркелген жиынтық салықтың (13 бет) айлық сомасы көбейту жолымен айқындалған Патент құны көрсетіледі.

N _____ н ұ с қ а у ғ а

10-қосымша

Шығыстар мен кірістерді есептеу Кітабы
(ұсынылатын вариант)

Р/н	Тауарлардың атауы	Өлшем бірлігі	Есепті кезеңнің басындағы тауарлардың қалдығы				
	/жұмыстар, көрсетілген қызметтері/		Саны	Бағасы	Құны		

а	1	2	3	4	5			
	Жалпы		х	х	х			

та б л и ц а н ы ң ж а л ғ а с ы

Алынған тауарлар /жұмыстар, көрсетілген қызметтері/					Атқарылған жұмыстар, қызмет көрсетулер				
құжат N	Құжат жазылған күні	Саны	ҚҚС-сыз құны	ҚҚС	Құны	ҚҚС-сыз құны	ҚҚС		
6	7	8	9	10	11	12	13		
х	х	х							

та б л и ц а н ы ң ж а л ғ а с ы

Сатылған тауарлар					Есепті кезеңнің соңындағы тауарлардың қалдығы				
Саны	Құны	ҚҚС-сыз түсім	ҚҚС	Саны	Бағасы	құны			
14	15	16	17	18	19	20			
х					х	х			

11-қосымша

Шығыстар және кірістер есебі Кітабын жүргізе отыра кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалар үшін Шығыстар және кірістер есебі Кітабын толтыру бойынша Нұсқау

1. Шығыстар және кірістер есебі Кітабында (бұдан әрі - Есеп Кітабы) есепті кезеңде жүргізілетін шаруашылық операциялары хронологиялық ізбен бухгалтерлік есеп шоттары негізінде қосарлап жазбау тәсілін қолданбай және операцияларды көрсетіп позициялық тәсілмен бастапқы құжаттар бойынша көрсетіледі. Кітапты толтыру үшін есепті кезең (бұдан әрі - ай) болып календарлық ай саналады. Салық органдары қызметкерлерімен құжаттық немесе төте тексеріс өткізілген жағдайда салық төлеуші тексеріске бастапқы құжаттарды , сондай-ақ есепті кезең басталмауына байланысты кірістер мен шығыстар есебі кітабына олар бойынша жүргізілмеген жазуларды көрсетуге міндетті.

Кірістер мен шығыстар есебі кітабы тіктелген және нөмірленген болуы тиіс. Соңғы бетінде ондағы бар беттер саны жазылады, ол жеке кәсіпкердің қолымен куәландырылады және салық органының бедерлеме белгісімен буылған болуы к е р е к .

2. "Тауарлар /жұмыстар, көрсетілген қызметтері/" 1 бағанында жеке кәсіпкердің кәсіпкерлік қызметімен байланысты бөтен ұйымдардан келіп түскен тауарлар, орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтердің атауы көрсетіледі.

3. "Өлшем бірлігі" 2 бағанында сатылуға тиіс тауарлардың өлшем бірлігі к ө р с е т і л е д і .

4. "Есепті кезеңнің басындағы тауарлар қалдығы". Есепті кезеңнің басындағы тауарлар қалдығы атала отыра көрсетіледі:

"Сан" 3 бағаны бойынша - есепті кезеңнің басындағы сатылмаған тауарлардың ауыспалы қалдығы көрсетіледі.

"Сан" 3 бағаны бойынша екінші және одан кейінгі есепті кезеңдер үшін өткен айда 13 баған бойынша тиісті жолдардың мәніне кішірейтілген өткен ай үшін 3 және 8 бағандар бойынша тиісті жолдардың сома мәні ретінде айқындалады.

"Баға" 4 бағаны бойынша - орташа құн бойынша айқындалған, оған қосымша құн салығының құнын қоспай 3 баған негізінде көрсетіледі.

"Баға" 4 бағаны екінші және одан кейінгі есепті кезең үшін мынадай тәртіпте айқындалады: (5 баған + 9 баған): (3 баған + 8 баған), мұның өзінде өткен ай үшін баған мәндері қолданылады.

"Құн" 5 бағаны бойынша қосылған құн салығына қоспай 4 бағанда аталған орташа есептеу құны негізінде 3 бағанда көрсетілген тауар құны көрсетіледі.

5. "Алынған тауарлар /жұмыстар, көрсетілген қызметтері/". Сатылуға тиісті тауарлар аталып, көрсетіледі:

"Құжат N" 6 бағанында тауарлар, жұмыстар мен қызмет көрсетушілер берген салық шот-фактураларының нөмірлері көрсетіледі. Салық шот-фактуралары болмаған жағдайда ол бойынша алынған тауарлардың, жұмыстардың, қызмет көрсетулердің (жүк-тауар құжаттамасы, сатып алынғаны туралы акт және басқалары) осы бағандағы құжат нөмірі көрсетіледі.

"Құжаттың жазылған күні" 7 бағанында салық шот-фактурасының жазылған күні көрсетіледі. Салық шот-фактурасы болмаған жағдайда, ол бойынша алынған тауарлар, жұмыстар және қызмет көрсетулер негізінде құжаттың жазылған күні көрсетіледі.

"Сан" 8 бағаны бойынша жүк-тауар құжаттамасы, сатып алынғаны туралы акт және басқаларына сәйкес топ қиығы негізінде алынған тауарлардың саны көрсетіледі.

"ҚҚС-сыз құн" 9 бағаны бойынша 8 бағанда аталған қосылған құн салығын қоспай алыну бағасы негізінде алынған тауар құны көрсетіледі.

"ҚҚС" 10 бағанында алынған тауарлар бойынша қосылған құнға салынған салық көрсетіледі. Осы бағанды толтыру үшін міндетті қағида болып қолданылып жүрген заңдылықта тауарларға жабдықтаушы нысаны бойынша жазылған салықтық шот-фактуралардың барлығы саналады.

6. "Қызметтер, қызмет көрсетулер жүзеге асырылды". Орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызмет көрсетулерді атай отыра көрсетіледі:

"Құны" 11 бағанда орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтердің құны.

"ҚҚС-сыз құн" 12 бағанында басқа ұйымдардың жеке тұлғаға және оның кәсіпкерлік қызметіне байланысты көрсетілген жұмыстар мен қызмет көрсетулер көрсетіледі. Жұмыстар мен қызмет көрсетулердің құны осы бағанда қосылған құн салығынсыз көрсетіледі. Мұның өзінде, салық салынатын кірісті айқындау кезінде салық заңдылығымен регламенттенген шығыстар салық заңдылығы (сыйақы (мүдде) және басқалары) белгілеген норма шамаларынан шегеріледі.

"ҚҚС" 13 бағанында 12 баған бойынша көрсетілген жұмыстар мен қызмет көрсетулер негізінде салық төлеуші төлеуге тиісті төленген және төленуге тиісті қосылған құн салығын көрсетуі керек. 13 бағанды толтыру үшін міндетті қағида болып қолданылып жүрген салық заңдылығы бойынша жұмыстар мен қызмет көрсетулер негізіндегі жабдықтаушы жазып берілген салық шот- фактурасының барлығы саналады.

7. "Тауарлар сатылды". Сатылған тауар атай отыра көрсетіледі:

"Сан" 14 бағаны бойынша есепті ай үшін сатылған тауар саны көрсетіледі.

"Құн" 15 бағаны бойынша орташа есепті құн негізінде 14 бағанда аталып

өткен сатылған тауардың құны көрсетіледі. Сатылмаған тауарлардың орташа есеппі құны 5 (ай соңына) баған бойынша тиісті жолдарға кішірейтілген 5 (ай басына) және 9 (есеппі айға) бағаналар негізіндегі тиісті жолдардың сомасы ретінде айқындалады. 15 жолды ай соңында сатылмаған тауарлардың қалдығын айқындағаннан кейін салық төлеуші толтырады.

"ҚҚС-сыз түсім" 16 бағаны бойынша сатылған тауарлардан, оған қосылған құн салығын қоспай алынған немесе алынуға тиісті сомасы көрсетіледі.

"ҚҚС" 17 бағаны бойынша салық заңдылығы (20%, 10%) белгілеген ставкалар негізінде сатылған тауарлардан алынған немесе алынуға тиісті қосылған құн салығы сомасы көрсетіледі.

16 және 17 бағандардың сомасы есеппі айдағы бақылау-кассалық аппаратының көрсеткіштеріне тең болуы керек.

Салық салынатын кіріс салық төлеушімен ҚҚС-сыз (16 баған бойынша ай үшін жиынтық сома) түсім және сатылған тауарлар (15 баған бойынша ай үшін жиынтық сома) құны және басқа ұйымдардың (12 баған бойынша жиынтық сомадан есеп айырысуға сәйкес) салық төлеушіге орындаған жұмыстары мен қызмет көрсетулері шегеріміне жатқызылған құн айырымы ретінде айқындалады. Есеп айырысуды жасау үшін "Заңды тұлғалардан бюджетке табыс салығын есептесу мен төлеу тәртібі туралы" белгіленген N 33 Нұсқауға тиесінші декларация қосымшасы қолданылады.

Кәсіпкерлік қызметімен айналысатын заңды тұлғаның салық салынатын кірісінің есебі үшін

Р/н	Көрсеткіштер	Салық төлеушінің мәліметтері бойынша
N		
I	Жиынтық жылдық кіріс	
1	ҚҚС-сыз түсім (16 баған бойынша айға жалпы сома)	
II	Шегерімдер	
2	Сатылған тауарлар құны (15 баған бойынша айға жалпы сома)	
3	Атқарылған қызметтер, жұмыс көрсетулер (12 баған бойынша айға жалпы сома)	

	Оның ішінде:	
	1. шегерімге жатқызылатын атқарылған қызметтер, жұмыс көрсетулер:	
	а) _____	
	б) _____	
	в) _____	
4	Есеп жүргізуге сәйкес негізгі қаржы көздері бойынша амортизациялық аударулар	
5	Шегерімге жатқызылған басқа шығыстар	
6	Жалпы шегерімдер (2 бет + 3а бет + 5 бет)	
7	Салық салынатын кіріс (1 бет - 6 бет)	
	Табыс салығының сомасы	
	Салық сомасы (7 бет x 8 бет)	

Орташа есептелген құн бойынша есепті кезеңнің соңына сатылмаған тауарлардың бағасы мен құнын айқындау бойынша мысал*

* Мысал шартты түрде алынған

Салық төлеушінің 1999 жылға жалпы құны 900 теңге (ҚҚС-сыз құны мен бағасы), 150 теңге бағасындағы 6 жұп етіктегі тауары бар. Осы абзацта аталған қаңтар айы үшін 3, 4, 5 бағандары бойынша есепті кезеңнің басында тауар қалдығы тиесінше көрсетіледі.

Салық төлеуші қаңтар айы үшін жалпы құны 1700 теңгеге (ҚҚС-сыз) 10 жұп етіктің жаңа партиясын сатып алды. Осы абзацта аталған мәндер қаңтар айы үшін 8, 9 бағандар бойынша сатып алынған тауарлар деп көрсетіледі.

Салық төлеуші қаңтар айында 200 теңге бағасында 10 жұп етік және 220 теңге бағасында 2 жұп етік сатты. Қаңтар айында жалпы сомасы 2440 (ҚҚС-сыз) теңгеге 12 жұп етік сатылып, ол 13 және 15 бағандарда тиесінше көрсетіледі.

Одан кейін салық төлеуші ай соңындағы сатылмаған тауарлар қалдығын айқындайды және бұл үшін келесі есепті айдың басына, оның ішінде 01.02.98 жылға 3, 4, 5 бағандарды толтырады. Келесі есепті кезеңнің басына, оның ішінде 01.02.98 жылға сатылмаған етік жұптары 4 жұпты құрайды (6+10+12).

Сатылмаған бір жұп етіктің орташа есептелген бағасы 162,5 теңге ((900 + 1700): (6+10)) құрайды, ол келесі есепті айдың (01.02.98ж.) басындағы 4 бағанға жазылады. Орташа есептелген құн бойынша сатылмаған төрт жұп етіктің құны тиесінше 650 теңге (4 x 162,5) құрайды және 5 бағанда көрсетіледі.

Нұсқауға 12 қосымша

Ескерту: 12-қосымшамен толықтырылды - ҚР Кіріс министрлігінің 2000 жылғы 25 сәуірдегі N 384 бұйрығымен .

Ескерту: 12-қосымша толықтырылды - ҚР Кіріс министрлігінің 2001 жылғы 10 тамыздағы N 1147 бұйрығымен .

Бір жолғы талон негізіндегі кәсіпкерлік қызметі түрлерінің тізбесі

1. Қолдан газеттер мен журналдарды сату (тұрақты нүктелерден басқа).
2. Тұқымдарды, сондай-ақ тұрақты нүктелерден басқа отырғызу материалдарын (көшеттер, екпе) сату.
3. Әртүрлі салтанаттардағы тамада мен артистердің қызметтері.
4. Рыноктар аумағынан тыс жерлерде бақша мәдениеттерін сату.
5. Көрме-жаппай сату және жәрмеңкелерде халық тұтынатын тауарларды сату .
6. Балық аулау және оны сату.
7. Автомобиль көлігін айдап әкелу қызметі.
8. Жеке меншіктегі және жалға алынған тракторлар иелерінің жер учаскелерін өңдеу жөнінде қызмет көрсетуі.
9. Жеке және жалға алған жеңіл (маршруттық таксиден басқа) және жүк автомобильдері иелерінің жолаушылар мен жүктерді (лицензияланатындардан басқа) тасымалдау бойынша қызмет көрсетуі.
10. Саяжайларда және үй жанындағы учаскелерде өсірілген тірі гүлдерді сату.
11. Қосалқы ауыл шаруашылығындағы, бау-бақшалық және саяжайлық учаскелеріндегі азық-түліктерін сату.
12. Фото және бейне түсіру мен салтанаттарда және қоғамдық демалыс орындарындағы басқа да фото жұмыстар.
13. Концерт өткізілетін орындарда бейне, үн кассеталарын сату.
14. Жұлдызнамаларды және бал ашуларды құрау жөніндегі қызмет көрсетулер .

Н ұ с қ а у ғ а

13 қосымша

Ескерту: 13-қосымшамен толықтырылды - ҚР Кіріс министрлігінің 2000 жылғы 25 сәуірдегі N 384 бұйрығымен .

Ескерту: 13-қосымшаның күші жойылды - ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитеті төрағасының 2003 жылғы 6 қарашадағы N 441 бұйрығымен .

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК